

**6D020600 - Дінтану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Жүзей Мырзахмет
Аманқұлұлының «Сакралды құндылықтар - Қазақстанның рухани және
материалдық жәдігерлерінің феномені» атты диссертациясына ғылыми
жетекшінің**

ПІКІРІ

Бүгінгі күнгі жаһандану заманында прагматикалық бағдарлар мен тұтынушы қоғамға тән құндылықтардың белең алған тұсында осы күнге дейін дәстүрлі қоғамның тірегі болып келген сакралды құндылықтардың шайыла бастағаны, жоныла бастағаны байқалады. Бәсекелестік пен нарықтық экономика заманында ұлттың дәстүрлі мәдениетінің өзегін құрайтын сакралды ждәдегерлерді қалай сақтап қалуға болады? Егер біз өзіміздің салт-дәстүрімізді ұмытсақ, мұның үлкен мәселеге айналары даусыз. Егер тарихи өзіндік сана мен төл мәдениет үздіксіз жалғаса берсе, онда қандай экономикалық жағдай болмасын сакралды құндылықтар ұмытылмайды.

Көпшілікте дәстүрлі мәдениетке қатысты бұрыс көзқарас қалыптасқан, оның себебі – көптеген адамдардың дәстүрді тануында дұрыс емес пікірлерге жүгінуі, олар дәстүрді шындыққа кереғар деп ойлайды. Шын мәнінде, дәстүр мен шындықтың арасында ешқандай қарама-қайшылық жоқ, керісінше шындық дәстүрдің негізінен дамып шыққан.

Біз осы кезге дейін дәстүрлі мәдениетті мұра етіп келдік және мұра етіп жалғастыруға тиіспіз. Алайда, қазіргі заманға сай адам болу үшін заманауи қазақ болуымыз керек пе, әлде заманауи батыстық үлгіге еліктеу қажет пе? Негізі экономикалық жағдайдың қандай болғанына қарамастан, дәстүрі дамыған заманауи қазақ болуға тырысып, сонымен бірге, сакралды құндылықтарымыз бен дәстүрлі мәдениетімізді қарқынды дамытуға талпынуымыз керек.

Бұл мәселеге Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында баса назар аударады: «...жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген».

Ізденуші Мырзахмет Жүзейдің докторлық диссертациясының тақырыбын таңдауда біз осы өзекті де маңызды мәселеге көңіл қойдық. Оның үстіне, М. Жүзейдің осы кезге дейінгі ғылыми ізденушілік бағыттары және қоғамдық негіздегі қызығушылықтары, дәстүрлі білім мен заманауи ғылым арақатынасын

салыстыруға тырысуы, оның «Рухорда» деп аталатын мұражай ұйымдастыруы осы тақырыптың төңірегінде болды.

М. Жүзей үш жыл бойы докторантурада оқу барысында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді, Философия, саясаттану және дінтану институтында орындалған ғылыми жобаларға қатысты, дін өкілдерімен кездесулер өткізуге, әлеуметтанулық сауалнамалар жүргізуге белсене араласып, практикалық тұрғыда өзіндік үлесін қосты. әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Философия және саясаттану факультетінде арнайы курстар өткізіп, оқытушылық тәжірибесін жинақтады.

Мырзахмет Аманқұлұлының дайындаған докторлық диссертациясына келер болсақ, оның құрылымдық жоспары мен мазмұны ғылыми талаптарға толығымен сәйкес келеді деп ойлаймын. Оның Кіріспе бөлігінде өзектілігі мен жалпымемлекеттік бағдарлармен үндестігі негізделіп, жұмыстың ғылыми жаңалықтары мен нәтижелері, қорғауға ұсынылатын тұжырымдары лайықты түрде сипатталған. Ғылыми мақалалары мен тезистері халықаралық және республикалық конференцияларда сыннан өтіп, беделді ғылыми басылымдарда жарық көрген.

Өз диссертациясында ізденуші алдымен сакралды құндылықтарды зерттеудің теориялық және теологиялық негіздерін зерделейді, атап айтқанда құндылықтардың аксиологиялық жіктелуі аясында діннің өзегін құрайтын сенім феноменін дінтанулық тұрғыдан талдайды және сакралдылық феноменінің концептуалды және теософиялық қырларын сараптайды. Одан кейінгі тарау Қазақ халқының қасиетті рухани құндылықтарын талдауға арналған. Оның барысында ислам дискурсындағы рухани құндылықтардың сакралды сипаты сараланып, халқымыздың руханият әлемінің сакралды ерекшеліктері сөз болады, ислами құндылықтар мен дәстүрлі рухани категориялар арақатынасы талдау нысанына түседі.

Үшінші тарау заманауи мәселелерге арналған. Қазақстанның рухани жаңғыруы аясында еліміздің материалдық жәдігерлері, Қазақстанның киелі кеңістігіндегі тарихи-мәдени ескерткіштер тұжырымдалады. Қазақстанның сакралды құндылықтары - ұлттық және діни бірегейліктің ұйыстырушысы екендігі түйінделеді. Жалпы, диссертацияда тараулар мен тараушалар арасындағы ойдың қисынды сабақтастығы сақталған, теориялық және практикалық нәтижелер алынған.

Қорыта айтқанда, Жүзей Мырзахмет Аманқұлұлының «Сакралды құндылықтар - Қазақстанның рухани және материалдық жәдігерлерінің феномені» атты диссертациясын ғылыми талаптарға лайықты жауап беретін, толыққанды аяқталған жұмыс деп бағалауға болады, ал оның авторы - 6D020600 - Дінтану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми жетекші, философия
ғылымдарының докторы, профессор**

Б.М. Сатершинов

